

1. Наталевич Л.И. Определение особенностей формообразовательного процесса лоха многоцветкового в потомстве от свободного опыления. 1999. – 5 с.
2. Наталевич Л.И., Слесаренко Г.С. Генофонд растений. 2002. – С. 120 – 123.
3. Программа и методика сортоизучения плодовых, ягодных и орехоплодных культур. 1973. – 495с.

А.Д. Абаева, М.В. Шабалина

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА КӨПГҮЛДІ ЖИДЕНІҢ АУРУЛАРҒА ЖӘНЕ ЗИЯН КЕЛТІРУШІЛЕРГЕ ҚАРСЫ ШЫДАМДЫЛЫҒЫН БАҒАЛАУ

Зерттеу нәтижесінде зиянкестердің 6 түрі және зақымдаушы саңырауқұлақтардың 4 түрі табылды. Жиденің зиянкестер және аурулар кешеніне төзімді екені анықталды. Бірақ сұр шірік, фузариоз, филлостиктозаның дамуына қолайлы жағдай болғанда сеппелердің аурудың әсерінен қурауы жоғарлайды. Патогендердің өсімдіктер ағзасына бейімделуі инфекцияның артуы, сонымен қатар басқа да биотиптермен өсімдіктер саңырауқұлақтарының пайда болуына себеп болуы мүмкін.

Кілт сөздер: Ауру, зиян келтірушілер, көпгүлді жиде, гумми, филлостикоз патогенді саңырауқұлақтар, фитофаг, фузариоз, биотип.

A.D. Abayeva, M.V. Shabalina

ESTIMATION OF THE SUCKER MULTIFLORAL ON STABILITY TO ILLNESSES AND WRECKERS IN THE CONDITIONS OF ZHAMBYLSKY AREA

As a result of studying are revealed, 6 kinds of wreckers and 4 kinds of pathogenic mushrooms the expanded data about specific structure phytophages. It is established that the sucker multifloral possesses stability to a complex of illnesses and wreckers. However, under conditions favorable for development of grey decay, witherings injuriousness of diseases increases. The quite probably further increase in an infection caused by the big fitness to plants, is not excluded occurrence of other biotypes and races of mushrooms.

Key words: disease, pests, lohan polyanthous, gum, phyllosticta, pathogenic fungi, phytofag, phyzaris, biotype.

ӘОЖ.911.5

К.М. Әбілқасымова, С.Ж. Ерекеева, А.К. Ибраева

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті,
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті*

ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫНЫҢ ЖЕР РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ МАҚСАТЫНДА ЛАНДШАФТ ТИПТЕРІНІҢ ӘСЕРІ

Аңдатпа. Табиғатты және ландшафт типтерін толық және терең зерттеу арқылы жер ресурстарын шаруашылықта тиімді пайдалана аламыз. Жер ресурстарының антропогендік әрекеттердің әсерінен болатын зардаптардың қайта қалпына келу мүмкіндігін болжап және олардың қайта тиімді пайдалану мақсатында ландшафт

типтерінің картасын пайдалануымызға болады, себебі ландшафт типтері картасында ауданның табиғат компоненттері топтастырылып көрсетілген.


Кілт сөздер: Ландшафт типі, мәңгі қар ландшафтысы, шалғынды ландшафтар, орта таулы орман ландшафтары, тауалды дала ландшафтары, аласа тау ландшафтары, орта таулар ландшафтары, тауалды шөлейт ландшафтары, тауалды шөл ландшафтары, тау іші және тауаралық ойыс ландшафтары

Кіріспе. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері еліміздің қоғамдық өмірінде, саясатында, экономикасында, ғылыми технологиялық саласында табыстарға жетті. Соңғы жылдарда экономикалық қарқынды даму Қазақстан Республикасы 50 елдің қатарына жету міндеті қойылып отыр. Ел басының халыққа Жолдауында бұл міндеттерді орындауға толық мүмкіндік бар екендігі аталды: саяси тұрақтылық, ұтымды географиялық жағдай, бай мәдени-тарихи мұра, ұлттық салт-дәстүр.

Экономиканың дамуында ғылымның маңызы үлкен. Жер ресурстарын басқару және пайдалану мақсатында ландшафт типтерінің әсеріне қазіргі кезде көңіл кеңінен бөлінуде. Жақын және қашықтағы елдерде бұл мәселеге арналған еңбектер жылдан-жылға көбеюде. Өйткені табиғатты және ландшафт типтерін толық және терең зерттелмей, еліміздің табиғат ресурстарын шаруашылықта дұрыс пайдалануымыз мүмкін емес. Сондықтан ғылымда жер ресурстарын басқару және пайдалану мақсатында табиғи ландшафтының басты кезеңі болып табылады. Кез-келген аймақтың жер ресурстарын басқару және пайдалану жағдайы сол жердің табиғи ландшафтысының құрылымы мен ерекшелігіне және ондағы шаруашылық салаларына әсер етуіне байланысты дамиды [1].

Еңбекшіқазақ ауданының ландшафт типтері картасында (1-сурет) жер ресурстары жағдайына жан-жақты сипаттама бере отырып, өңірдің алуан түрлілігін көрсететін табиғат компоненттерін топтастырамыз: Мәңгі қар ландшафтысы, шалғынды ландшафтар, орта таулы орман ландшафтары, тауалды дала ландшафтары, аласа тау ландшафтары, орта таулар ландшафтары, тауалды шөлейт ландшафтары, тауалды шөл ландшафтары, тау іші және тауаралық ойыс ландшафтары. Шаруашылықтың салаларына сай жер ресурстарын тиімді басқару және пайдалану ландшафт типтерінің потенциалды мүмкіндіктерінің бірі екенін айта аламыз. Жер ресурстарының антропогендік әрекеттердің әсерінен болатын зардаптардың қайта қалпына келу мүмкіндігін болжап және олардың қайта тиімді пайдалану мақсатында ландшафт типтерінің картасын пайдалануымызға болады, себебі ландшафт типтері картасында ауданның табиғат компоненттері топтастырылып көрсетілген. Сондай-ақ, әр түрлі шаруашылықтардан қалыптасқан жер ресурстарын пайдалану жүйесін зерттеу келешектегі экономикалық көрсеткіштерін сараптауға, соның негізінде жер ресурстарын пайдалану мөлшері мен орналасуын тиімді етуге мүмкіндік береді.

Еңбекшіқазақ ауданы – Алматы облысының оңтүстік бөлігінде орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлік. 1928 жылы құрылған, ал 1997 жылы Шелек ауданы таратылып, ол Еңбекшіқазақ ауданына біріктірілді. Жерінің аумағы 9,7 мың км². Батыстан шығысқа 160 км, солтүстіктен оңтүстікке 63 км-ге созылған. Жерінің бедері әртүрлі және күрделі. Солтүстік шеті Қапшағай бөгенімен шектелген жерінің абсолюттік биіктігі теңіз деңгейінен 500 м. Ал, оңтүстік шеті Іле Алатауы жотасының қырқасымен өтеді. Абсолюттік биіктігі 4241 м (Саз тауы). Аудан жеріндегі 80 елді мекен, 1 қалалық және 24 ауылдық әкімшілік округтерге бөлінген. Аудан орталығы – Есік қаласы. Аудан аумағындағы автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 1471 км, оның ішінде 238-і республика, 689 км-і облыстық маңызы бар жолдар, ал 544 км-і елді мекендердің аралығындағы және ауыл шаруашылығы жолдары [2].



Іле Алатауы, Еңбекшіқазақ ауданының ландшафт типтері алуан түрлі және күрделі. Жер ресурстары аласа жазықтардан, биік таулардан, сондай-ақ тау жоталарынан, тау аралық ойыстардан және жазық жер бедерімен ерекшеленеді. Жер ресурстары қазіргі нарықтық ғасырда тек жылжымайтын мүлік объектісі ғана емес, сондай-ақ табиғи ресурс, өндіріс құралы, кеңістіктік базис болып саналады.

Адамзаттың тарихында адам шамамен 2 млрд. га құнарлы жерлерден айрылған. Өңделетін жерлер мен жалпы құнарлы жерлердің ауданының кемуі жоғары жылдамдықпен жалғасуда. Топырақтардың жойылуы, халық санының артуы адам басына шаққандағы жердің интенсивті түрде кемуіне әкеліп соқтырады. 1950 жылы дүние жүзінде бір адамға 0,24 га егістік жер келсе, 1983 жылы 0,15 га дейін кеміген.

Ауданда суармалы және тәлімі (тау бөктерлерінде) егін шаруашылығы жақсы дамыған, ауыл шаруашылығына жарамды жерінің ауданы 757,7 мың га, оның ішінде жыртылатын жері 94,4 мың га. Жыртылуға жарамды жердің 89,7%-ы игерілген. Ауыл шаруашылығы бағытындағы 517,3 мың га жердің 26,6%-ы шаруа қожалықтарына берілген. Ауданда экономиканың әр саласы бойынша шаруашылық бірлестіктердің саны: өнеркәсіпте – 163, ауыл шаруашылығында – 237, құрылыста – 58, көлікте – 4, сауда және қоғамдық тамақтандыруда – 125, шаруа қожалықтары – 328. Ауданда ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және тамақ өнеркәсібінің салалары жақсы дамыған [3].

Жер барлық қоршаған ортаның басты құрам бөлігі, барлық өндіріс түрлерін, байланыс құралдарын, тұрғын жай орнын орналастыру үшін жалпыға бірдей базис болып табылады.

Жер ресурстары – біздің негізгі байлығымыз, оны бүкіл халықтың мүддесі үшін пайдалану – баршаның қасиетті міндеті. Сондықтан жерімізді барынша тиімді және ұтымды пайдаланатын болсақ, тиісінше оның қайтарымы да мол болары сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Казанская Е.А. Природная условия и сельскохозяйственное освоение Энбекши-Казахского района Алма-Атинской областей. В кн. Вопросы географии Ан КазССР. Вып. V. -Алма-Ата. – 1959 г.- с.57-63.
2. Илийская впадина, её природа и ресурсы. под.рук. Л.С.Ломоновича. Изд. АН.КазССР. - Алма-Ата, 1963,- с.342.
3. Карпеков К.Д. Ландшафтно-климатическая особенности Илийской впадины // Географические науки. Вып.4. Тематические сборники. Мин.про.Казахской ССР. - Алма-Ата. 1974 г, с.102-111.

К.М. Абилкасымова, С.Ж. Ерекеева, А.К. Ибраева

ВЛИЯНИЯ ТИПОВ ЛАНДШАФТОВ ДЛЯ УПРАВЛЕНИЯ И ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЗЕМЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ ЕНБЕКШИКАЗАХСКОГО РАЙОНА

Данная статья описывает доскональное исследование типов ландшафтов природы в хозяйстве. Прогнозировать возможность восстановления земельных ресурсов от последствия антропогенных факторов и эффективное использование типов ландшафтных карт, потому что на карте ландшафтных типов указано природные компоненты района в группировке. А также исследование использования системы земельных ресурсов для анализа будущих экономических показателей, на основе данного анализа станет возможным определение объема земельных ресурсов и правильное расположение.

Ключевые слова: тип ландшафта, горные ландшафты, предгорные ландшафты, среднегорные ландшафты, межгорно-котловинные ландшафты, низкогорные ландшафты и высокогорные ландшафты.

K.M. Abilkassymova, S.Zh.Yerekeyeva, A.K. Ibraeva

INFLUENCE OF LANDSCAPE TYPES FOR THE MANAGEMENT AND USE OF LAND RESOURCES YENBEKSHIKAZAKH DISTRICT

This paper describes a thorough investigation of the nature of landscape types in the economy. Predict the possibility of recovery of land from the effects of human activities and the effective use of types of landscape maps because the map of landscape types of the natural components of the area indicated in the grouping. And also study the use of the land resources for the analysis of future economic performance, on the basis of this analysis will be possible to determine the amount of land and the right location.

Key words: type of landscape, mountain landscapes, foothill landscapes, middle landscapes and intermountain depressions-landscapes.

ӨОЖ 633.31: 631.527

Б.А. Абсатова, А.К. Таженова, Б.Ж. Татебаев, Г.Ә. Мырзабаева, С.С. Садуақасов

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЕРТЕ ПІСЕТІН ЖОҢЫШҚА НӨМІРЛЕРІНІҢ КӨКБАЛАУСА ӨНІМДІЛІГІ ЖӘНЕ БАСҚА ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Красноводопад селекциялық станциясында жүргізілетін жоңышқа селекциясы бойынша тәжірибелерде шаруашылық құнды белгілері жоғары деңгей көрсеткен материал сұрыпталған. Бақылау питомнигінде зерттелген нөмірлердің бірқатары селекциялық жұмыстың келесі сатыларына ұсынылған. Үш жылдық зерттеулер нәтижесінде көкбалауса өнімділігіне қарай 15 үлгі іріктелді. Бәрінен жоғары өнімділігімен 39-8 және 48-18 нөмірлері ерекшеленді. Олар 107,1-109,5 ц/га көрсеткішімен стандарттан 22,6-25,4% басым болды. Пішен орымына ерте пісетін 26 және қоңыр теңбілдік ауруына төзімділігі 5 баллмен бағаланған 23 нөмір сұрыпталды.

Кілт сөздер: жоңышқа, селекция, нөмір, көкбалауса, өнім, төзімділік, орым, мерзім.

Кіріспе. Селекция саласы негіздерінің бірі болып табылатын популяциялық генетика ілімінің әдістемелеріне сәйкес жүргізілген іргелік зерттеулерде жоңышқа сорттары мен будандары әртүрлі биологиялық типтерден тұратыны анықталған [1].

Осындай генетикалық қағидаларға сүйенумен жүзеге асырылатын жоңышқа селекциясында бастапқы материалды дараланған нысандар күйінде пайдаланудан гөрі нақты белгіленген ген аллельдері доминантты және гетерозиготалы күйдегі жеке биологиялық топтарға немесе гомозиготаланған инцухт-желілерге жіктеу әдістерімен сұрыптау тиімділігі жоғары болған [2].

Аталған заңдылықтар негізінде Красноводопад селекциялық тәжірибе станциясында жоңышқаның селекциялық материалын сұрыптау үш биотип бойынша жүргізілді: ерте,